

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 17 қарашадағы
№ ДС-435

Құрметті депутаттар!

Ауылдық жерлерді медицина кадрларымен қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Резидентурада тек қана ғылыммен айналысатын дәрігерлер мен студенттерді оқытуға және ауылдық квота санатынан резидентураны алып тастауға қатысты

Резидентурада мемлекеттік білім беру стандарты шеңберінде теория мен клиникалық практиканың біріктірілген негізінде бейінді маман дәрігерлерін (*кардиолог, офтальмолог, травматолог және т.б.*) даярлау жүргізіледі. Бүгінгі таңда резидентурада даярлау 49 арнайы мамандық бойынша жүзеге асырылады.

Ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіби қызмет үшін кадрлар даярлау философия докторы (PhD) дәрежесі беріле отырып, докторантурада жүзеге асырылады.

Осылайша резидентура мен докторантура медицина саласында кадрлар даярлаудың бірыңғай жүйесіне кіреді, сондықтан резидентурада ғылыммен айналыспайтын дәрігерлер мен студенттер де оқи алады.

Резидентураға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы өңірлердің қажеттігі, оның ішінде ауылдық денсаулық сақтау қажеттігі ескеріле отырып қалыптастырылады.

Грант негізінде білім алған резидентура түлектері өңірге, оның ішінде ауылдық жерлерге жұмысқа орналасуға жіберіледі.

2023 жылы ауылдық жерге жұмысқа орналасу үшін резидентураның 110 (875-тен 12,5 % құрайды), 2022 жылы – 111 (780-нен 14 %), 2021 жылы – 167 (1389-дан 12 %) түлегі жіберілді.

Осылайша резидентура түлектерін ауылдық жерлерге бөлу ауылдық денсаулық сақтаудағы медицина кадрларының қажеттігін қамтамасыз етеді.

Медициналық жоғары оқу орындарына берілетін ауылдық квотаға қатысты

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауыл жастарына білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде мемлекеттік тапсырыстың жалпы көлемінен 35 пайыз мөлшерінде оқуға қабылдау квотасы көзделген (*«Білім туралы» Заңның 26-бабы*).

Қазіргі уақытта медициналық ЖОО-ларда бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша ауылдық квота бойынша 2778 адам білім алуда.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде көтерме сомасын 10 млн-ға дейін ұлғайту және гранттарды өтеу мерзімін 7 жыл арасында бекіту, сондай-ақ, облыс және аудан орталықтарын КТ, МРТ аппараттарымен қамтуға қатысты

Кадрлармен қамтамасыз ету проблемасын шешу үшін 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жүз еселенген айлық есептік көрсеткішке тең сомасында көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көзделген – ауданның әкімшілік орталықтары болып табылатын ауылдық елді мекендерге келген мамандар үшін 2 500 АЕК-тен аспайтын сомада, ауылдық елді мекендерге 2000 АЕК-тен аспайтын сомада бюджеттік кредит (*Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 126 бұйрығы*) қарастырылған.

Медициналық білім беру және ғылыми ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алғандар 2023 жылы ауылдық жерлерге 426 (*1940-тан 22 % құрайды*), 2022 жылы – 444 (*1872-ден 24 %*), 2021 жылы – 330 (*1139-дан 29%*) түлек бөлінді.

Грантты өтеу мерзімін мынадай себептер бойынша 7 жылға дейін ұлғайту орынсыз деп есептейміз.

Барлық мамандықтар бойынша грант бойынша білім алғандар үшін жұмыспен өтеу мерзімі – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін кемінде үш жыл.

Сондай-ақ Үкімет Парламент Мәжілісі қарайтын *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына кемінде 5 жыл мерзімге шалғайда орналасқан ауылдық жерге жұмысқа келген аса қажетті мамандықтар бойынша медицина қызметкерлеріне ең төмен жалақының 100 еселік шамалас мөлшерінде біржолғы ақшалай төлем туралы түзетулерді қолдады.*

Бұдан басқа *«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасында 32 жаңғыртылған көп бейінді орталық аудандық ауруханаларды (бұдан әрі – КОАА) пайдалануға беру жоспарланған (2024 жылы – 7, 2025 жылы – 25).*

Ұлттық жоба шеңберінде жұмыс істеп тұрған 12 КОАА жетіспейтін медициналық жабдықтармен (*КТ, МРТ, ангиограф, сараптамалық сыныптағы УДЗ аппараттары, реанимация, операциялық бөлімшелерге арналған жабдық және т. б.*) жарақтандырылады, 20 жұмыс істеп тұрған орталық аудандық аурухана КОАА болып қайта құрылады және күрделі жөндеу, ғимараттарды

реконструкциялау, медициналық жабдықтармен (*КТ, МРТ, ангиограф, сараптамалық сыныптағы УДЗ аппараттары, реанимация операциялық бөлімшелерге арналған жабдық, және т. б.*) жарақтандыру жолымен жаңартылатын болады.

Ауылдық жерлерде медициналық көмекті жақсарту және оларды медицина кадрларымен қамтамасыз ету мәселелері Үкіметтің бақылауында.

Ә. Смайылов

Орын. Коскельдинова Ш.Ч.
тел. 750013